| | **Ойын барысы:** Педагог сөздің бірінші буынын айтады, ал балалар сол буынға қатысты сөзді тауып жалғастырады.<br>**Мысалы:** Ти-ін, қо-ян, жаң-ғақ. т.б.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен алыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер ілінеді. Педагог балаларға көздеріңді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай пішін жоқ екенін айтады.<br>**Қимылды ойын:** «Жанды пішіндер»<br>**Ойынның мақсаты:** Пішіндер туралы білімдерін толықтыру, балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді, екі шеңбер бойында тұрады. Педагог кез-келген бір геометриялық пішінді айтады. Әр бір топ осы геометриялық пішінді жасайды.<br>**Мысалы:** Педагог тіктөртбұрыш десе, балалар тіктөртбұрышты жасаулары | Балаларға жұмбақтар жасыру.<br>.Күні бойы тымбайды,<br>Дәмді тағам жинайды.<br>(ара).<br>.Тоқыған ауы,<br>Шыбынның жауы.<br>(өрмекші).<br>Үп-үшкір таяғы,<br>Жыланның көзін ояды.<br>(дәуіт).<br>Алға қарай,<br>Артқа қарай жүреді.<br>Еңбек сүйгіш оны бәрі біледі.<br>(құмырсқа).<br>.Өзі ткрт қанатты,<br>Алты аяқты.<br>Сонда да тік ұшақ,<br>Моделі сияқты.<br>(инелік).<br>Ызыңдап ән салып,<br>Лас жерге қонады.<br>(шыбын).<br>Ұшады, қонады,<br>Гүлдердің қонағы.<br>(көбелек).<br>**Д.О.** «Жәндікте қанша аяқ бар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың санау және есептеу дағдыларын қалыптастыру. Жәндіктер туралы түсініктерін молайту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға бірнеше суреттер таратып береді. Бұл суреттерде әртүрлі жәндіктер бар. Балалардың міндеті осы суреттегі жәндіктердің қанша аяғы бар екенін анықтау.<br><br>**2.Қоршаған ортамен** | Геометриялық пішіндерді ажыратуға білуге, балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға бет орамалдардың үлгісін таратып беру. Алдарындағы пішіндердің ішінен әр орамалға лайық жамауды табуды ұсыну.<br>**Қимылды ойын:** «Мұздатам»<br>Боран борайды-1<br>Боран борайды-2<br>Боран борайды-3<br>Түрлі фигура болып қат.<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**Педагог жетекшілігі мен ойын:** «Жатқа айт»<br>**Шарты:** Тақпақты жаттайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>Қар жатыр аппақ,<br>Ойнауға жақсы-ақ.<br>Осындай шақта,<br>Кім үйде жатпақ.<br>-Қыс қандай болады?<br>-Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?<br>-Конькиді қай жерде тебеді?<br>-Шаңғыны ше?<br>-Дөң басынан шаңғы, шана теуіп, сырғанап көрдіңдер ме?<br>-Аққаланы қалай жасайды?<br>-Аязды күні ойнауға бола ма?<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Қыс келді, қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға! | Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. ҚР-Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.<br>**Менің Отаным-Қазақстан.**<br>**Отан**-адамның туып-өскен жері және тұратын жері. Ата-анаңның үйі-сенің өмірге келіп, ержеткен үйің. Отан отбасынан баталады. Ал сенің ең үлкен нағыз Отаның-Қазақстан.<br>**Сергіту сәті.**<br>Төскейден жел еседі,<br>Төбемнен бұлт көшеді.<br>Туған жерім мен үшін,<br>Көк майсасын төседі.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретке қарап, Отан туралы әңгіме құрастырыңдар.<br>**Ән айту:** «Менің Отаным» Ә.Байділдаев.<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу. Балалардың түрлі әрекеттерде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.<br>**Жұмбақ жасыру.** | **Міндеттері:**Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер ілінеді. Педагог балаларға көздеріңді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай пішіннің жоқ екенін айтады.<br>**Д.О.** «Не неге ұқсайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру, қиялын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап, не бейнеленгенін ата. Заттар қандай пішінге ұқсайды? Көрсетілген пішіндерге (шар, цилиндр, текше) ұқсас заттардың суретін сал.<br>**Боямақ.**<br>Геометриялық денелерді тауып, шарды **қызыл,** текшені **көк,** цилиндрді **сары** түске боя.<br><br>**3.Сурет салу.**<br>**Міндеттері:** Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керек.<br>**Ән айту:** «Пішіндер әні» Үнтаспа.<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Қыс мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>**Бірге жаттайық.**<br>**«Қыс»**<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>Аппақ-аппақ қар аппақ,<br>Қар жамылған дала аппақ.<br>Қырау-қырау тал аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жұмбақтар жасыру.<br>Шанамен зырлап желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін.<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(қыс мезгілі). | **таныстыру.**<br>**Міндеттері:** Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. ҚР-Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Отан деген-атамекен,<br>Отан деген-туған жер.<br>Отан-ана, Отан-үлкен,<br>Қазақстан туған ел!<br>**-Отан**-біздің сүйікті отбасымызбен тұратын үйіміз, туған жеріміз, ауылымыз, қаламыз, табиғатымыз.<br>Біздің Отанымыз-Қазақстан.<br>Біз Отанымызды сүйеміз.<br>**Ойланайық, пікірлесейік**<br>-Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>-Астанамыз қай қала?<br>-Рәміздерді атаңдар?<br>-ҚР-нің Президенті кім?<br>-Сендер қай қалада тұрасыңдар?<br>-Еліміздің қандай мемлекеттік мерекелерін білесіңдер?<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретке қарап, Отан туралы әңгіме құрастырыңдар.<br>**Тыныштық сәті:** Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмады. Туған жеріміздің табиғатын, таза ауасын, әдемі гүлдерін, сайраған құстарын көз алдымызға елестетеміз. Туған өлкеміздің табиғаты | **Д.О.** «Аққала»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, ойынға қызығушылықпен қатысуға баулу.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға жартылай қиылып жасалған аққала бөліктері ілінеді. Үстел үстінде қалған бөліктері: мұрны, көзі, аузы, басына киетін шелегі сияқты суреттер жатады. Балалар осы бөліктерді алып, көздерін жұмып тұрып, тақтаға жабыстырады.<br>**Д.О.** «Қайсысы артық?»<br>**Ойынның мақсаты:** Суретке қарап артық затты таба білу, балаларды аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Суреттен артық затты тап.<br>-Бұл жерде артық-доп. Қыста далада шаңғы, шана, коньки тебеміз, ал доппен ойнай алмаймыз.<br><br>**4.Шебер қолдар.**<br>**Тақырыбы:** Қыс көрінісі.<br>**Сабақтың мазмұны:** Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді сезіне білу. Өз ойларын сурет арқылы жеткізу. Қарандашпен сурет салу.<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жұмбақтар жасыру.<br>Аяз қысып,<br>Өрнек сызып, | Жалт-жұлт етеді,<br>Ұстасаң еріп кетеді.<br>(қар).<br>-Қыс мезгілінде айнала қандай түске боялады?<br>-Қыста айналаны не басады?<br>-Жер қандай көрпе жамылады?<br>-Ақша қар деген не?<br>-Ақша қар қандай болады?<br>**ДО.** «Сөзге сөз қос»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөзге сөз қосып, сөйлем құрастыру арқылы балалардың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Ойынды екі топқа бөліп өткізуге болады. Педагог бір сөз айтады, балалар сөзге сөз қосып, сөйлем құрастырады.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыка тыңдау Қазақ халқының аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен «күй» жанрымен, күйші композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайбайұлының, Ықылас Дукенұлының шығармаларымен таныстыру.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Шаңғы-шана сайла,<br>Конькиіңді байла.<br>Думандатып ойна, | бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістік қатынастарды жеткізе білу. Түстерді өз қалауы бойынша таңдау.<br>**Д.О.** «Менің сүйікті ертегім»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, жолдастыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша ертегілердің аттары мен қысқаша мазмұнын айту.<br>**Д.О.**«Ертегі кейіпкерлерін таны»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға ілінген ертегі кейіпкерін атайды, қай ертегі кейіпкері екенін табады.<br>**Шығармашылық үзіліс:** Сурет салу.<br>**Мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Барысы:** Балалар өздеріне ұнаған ертегіні атайды, сол ертегідегі бір кейіпкердің суретін салады.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Лақтыру, қағып алу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тоңады.<br>(қар).<br>Қоймасын қыс ақтарып,<br>Жерді жапты ақ мамық.<br>(қар).<br>Мамықтай ұлпа,<br>Қанттай ақ.<br>Қыста жер бетін басады,<br>Жазда сайға қашады.<br>(қар).<br>**Д.О.** «Кім көп сөйлем құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар, қыс мезгілі, қар, қырау, аяз, суық деген сөздерге сөйлем құрастырады.<br>**Д.О.** «Кім көп сөйлем құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.<br>**Шығармашылық үзіліз:** «Қыс»<br>**Мақсаты:** Өзінің ойын қағаз бетіне түсіре білуін бекіту, бейнелерді қағаз бетіне композиция құрап орналастыруға жаттықтыру.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол | қандай тамаша! Көзімізді ашамыз. Туған жеріміз туралы өз ойымызды әңгімелеп айтамыз.<br>**Ән жаттау.**<br>«Елімізді сүйеміз»<br>Қ.Мырза Әли.<br>Д.Ботбаев.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Туған жерді түрлендір» (дайын суретті бояйды).<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу. Балалардың түрлі әрекеттерде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.<br>**Ой қозғау:**<br>-Қазір қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде не болады?<br>-Аяз жылдың қай мезгілінде болады?<br>-Қыста адамдар қалай киінеді?<br>-Қандай қысқы ойындарды білесіңдер?<br>-Қыста балалар қандай ойындар ойнайды?<br>-Аязды күні ойнауға бола ма?<br>-Қысты неліктен көңілді деп атайды?<br>**Жұмбақ.**<br>.Шанамен зырлап желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін.<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(қыс мезгілі).<br>.Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тоңады.<br>(қар). | Терезені торлайды.<br>Қарға омбығып,<br>Бет домбығып,<br>Сырғанап балалар ойнайды,<br>Айтыңдаршы бөбектерім,<br>Бұл қай кезде болады?<br>(қыста).<br>**Тыңда:** Күзден кейін қыс түседі. Аязды күндер мен түндер басталады. Даланы қар басады. Желді күндері қар ұйытқып, боран соғады. Өзендер мен көлдердің бетін мұз басады. Аспанды сұрғұлт бұлт қаптап, қар жауады. Түн ұзарып, күн қысқарады. Құстар көрінбейді. Адамдар қыстық киімдерін киеді. Балалар қыста коньки, шана, шаңғы теуіп ойнайды. Қардан аққала жасайды.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Аппақ-аппақ қар аппақ,<br>Қар жамылған дала аппақ.<br>Қырау-қырау тал аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>**Д.О.** «Қыста қалай киінеміз?»<br><br><br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Шарты:** Суреттегі көрініске «Қыс көрінісі», «Қысқы | Қыс қызығын тойла.<br>**Музыка тыңдау:** «Бұл қай кезде болады?» «Қыс» Б.Ерзакович.<br>«Қыс қызығы» И.Нүсіпбаев.<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс несімен ұнайды?<br>-Қыста қандай мерекені тойлаймыз?<br>-Тыңдаған музыка қалай орындалды?<br>**Ән айту:** «Ақша қар» К.Қуатбаев.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Аппақ-аппақ көбелек,<br>Жерге қонар себелеп.<br>Ақ жұлдызша жылтылдап,<br>Ұстатпайды не керек.<br>Бұл не?<br>-Қыста көбелек бола ма?<br>-Онда көбелек деп не айтылады?<br>**Д.О.** «Ән салған кім?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауыс тембрін айыра біліге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Көздерін жұмады. Педагог ортаға бір баланы шығарады. Ортаға шыққан бала кез-келген бір әнді орындайды. Шеңберде тұрған балалар ән салған кі екенін даусынан танып айтуы керек.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Ұлпалақтар биі»<br>**Шарты:** Қимыл жасау кезінде өте жеңіл, аяқтың | домалату: допты жоғары жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолымен алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату; допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу.<br>**Қимылды ойын.**<br>«Жылдам ал, жылдам қой»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды аңғарымпаздыққа тәрбиелеу, шапшаңдыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Бүкіл залда заттар шашылған. (доптар, шарлар). Балалар жан-жаққа бұл заттарды басып кетпеуге тырысып жүгіреді. «Жылдам ал!» деген кезде, барлық балалар бір-бір заттан алып, қолдарын жоғары көтеріп, қимылсыз тұрып қалады. Осыдан кейін затты қолдарынан тастамай жүгіруін жалғастырады. Біраз уақыттан кейін педагог «Жылдам қой!» дегенде, балалар қолдарындағы затты тез жылдам жерге қойып, қозғалыссыз тұруы керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолымен алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату; допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу.<br>**Доппен ойнау.**<br>**Ойынның мақсаты:** Жоғарыда-төменде, астында-үстінде, сол жақта-оң жақта ұғымдарын бекіту.<br>**Қажетті құралдар:** Доп.<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Жіп керіліп оның екі ұшынан ұстап тұруға болады. «Доп төменде» деген бұйрық берілісімен екі бала (әр топтан). Бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, «доп жоғарыда» деген бұйрық берілісімен допты балалар жіптің үстінен лақтырады. Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі жалғастырады. Қате жібермеген топтың балалары ұтып шығады. Жеңіске жеткен балаларды мадақтау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жүгіріп қағып ал»<br>Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Педагог үлкен, әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады. (ара қашықтығы 1,5-2 м). Педагог: «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!»-деп допты балаларға лақтырады. Балалар допты қағып алуға тырысады. Допты қағып | **Суреттер сөйлейді.**<br>**Мақсаты:** Сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге, грамматикалық тұлғада таза, анық сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Шарты:** Балаларға қыс мезгіліне байланысты сюжеттік суреттер таратылып беріледі. Балалар суретке қарап әңгіме құрайды, әңгімелейді.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Аққала»<br>Қар жауғанда қуанып,<br>Жасадық біз аққала.<br>Басындағы шелегі,<br>Өзіне шақ қана.<br>Аққала-ау,аққала,<br>Еріп кетпе су болып.<br>Балаларды қуантып,<br>Қатып тұршы мұз болып.<br>**Шығармашылық үзіліс:** «Аққала»<br>**Шарты:** Балаларды үш топқа бөлу.<br>1-ші топ: аққаланың суретін салады.<br>2-ші топ: аққаланы құрастырады.<br>3-ші топ: аққаланы мүсіндейді.<br>**Ән айту:**<br>«Ақша қар» К.Қуатбаев.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қыс қызығы» әнінің музыкасына сәйкес қандай би билеуге болады? Келіңдер, билеп көрейік.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыка тыңдау Қазақ халқының аспаптары: | табиғат», «Қысқы ойын» тақырыптарына қарап әңгімеле.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Сурет салу.** Қыс көрінісі. Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру.<br><br>**5.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолымен алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату; допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу.<br>**Доппен ойнау.**<br>**Ойынның мақсаты:** Жоғарыда-төменде, астында-үстінде, сол жақта-оң жақта ұғымдарын бекіту.<br>**Қажетті құралдар:** Доп.<br>**Ойын барысы:** Балалар сапқа тұрады. Доп бірінші баланың қолында. «Доп оң жақта» деген бұйрық айтылғанда доп оң жаққа беріледі. «Тоқта» деген бұйрық бойынша допты сапта тұрған балалардың біреуі ұстап қалады. «Доп сол жақта» деген бұйрық бойынша доп сол жаққа беріледі. Тапсырманы дәл, әрі тез орындаған балалар жеңіске жетеді. | ұшымен, әсем жасау.<br>**Д.О.** «Бұл қай аспап?»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық аспаптарға деген қызығушылығын ояту.<br>**Ойын барысы:** Жеті санының атауына байланысты қандай аспап бар? | |

XI

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алған баланы мадақтау. Ойын осылай бірнеше рет жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасау. | домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен «күй» жанрымен, күйші композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайбайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Шаңғы-шана сайла,<br>Конькиінді байла.<br>Думандатып ойна,<br>Қыс қызығын тойла.<br>**Музыка тыңдау:** «Бұл қай кезде болады?» «Қыс» Б.Ерзакович.<br>«Қыс қызығы» И.Нүсіпбаев.<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс несімен ұнайды?<br>-Қыста қандай мерекені тойлаймыз?<br>-Тыңдаған музыка қалай орындалды?<br>**Ән айту:** «Ақша қар» К.Қуатбаев.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Аппақ-аппақ көбелек,<br>Жерге қонар себелеп.<br>Ақ жұлдызша жылтылдап,<br>Ұстатпайды не керек.<br>Бұл не?<br>-Қыста көбелек бола ма?<br>-Онда көбелек деп не айтылады?<br>**Д.О.** «Ән салған кім?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауыс тембрін айыра біліге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Көздерін жұмады. Педагог | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ортаға бір баланы шығарады. Ортаға шыққан бала кез-келген бір әнді орындайды. Шеңберде тұрған балалар ән салған кі екенін даусынан танып айтуы керек.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Ұлпалақтар биі»<br>**Шарты:** Қимыл жасау кезінде өте жеңіл, аяқтың ұшымен, әсем жасау. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуендеу** | №12 Алғашқы суық түскенін бақылау.<br>Жерге алғашқы қыраудың түскенін бақылау. | №14. Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайын бақылау. | №18 Аула тазалаушының еңбегін бақылау. | №5. Күннің көзін бақылау. | №16 Құстарды бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс.** | Карағұл Рахат<br>**1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз.**<br>(қолын жазуға жаттықтыру). Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа және ұзын сызықтарды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. | Карағұл Рахат<br>**1.Көркем әдебиет.**<br>Тақпақтар жаттау. Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айтуға үйрету. | Карағұл Рахат<br>**1.Математика негіздері.**<br>Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. | Карағұл Рахат<br>**1.Сурет салу.**<br>Боямақ. «Қыс»<br>(дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу). | Карағұл Рахат<br>**1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз.**<br>(қолын жазуға жаттықтыру).<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа және ұзын сызықтарды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Өлең, тақпақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Баланың тәртібі жөнінде айту. | Ата-аналарға кеңес: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

Бекітемін:

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.

**~~Білім~~ беру ұйымының атауы:** Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін мектебі.

**Мектепалды** «0» А сыныбы.

**Балалардың жастары:** 5 жас.

**Жоспарлау күні:** 11.12.-15.12. 2023-2024 оқу жылы.

| Күн тәртібі | Дүйсені | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әркеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | **Д.О.** «Суретті құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Бөліктерден сурет құрастырады. | **«Кітап-біздің досымыз»**<br>Кітапты мен сүйемін,<br>Кітаптар бар біздерде.<br>Суреттері ғажайып,<br>Ертегілер еліне,<br>Шақырады біздерді.<br>Бәрін білгім келеді,<br>Қайдан? Неге? Не үшін?<br>Мен әуесқой баламын,<br>Бәрін біліп аламын.<br>Өскен кезде өйткені,<br>Үлкен ғалым боламын.<br><br>Кітап бұрышында кітаптар қарау, өздеріне таныс шағын әңгімелер мен ертегілерді атау. | **Шығармашылық үзіліс.**<br>Сурет салу оңай ма?<br>Жұртқа өнерің ұнай ма?<br>Мұның бәрі түк емес,<br>Талаптыға алайда.<br>**Сурет салу.** «Қар ұлпалары» | **Ән айту:** «Қыс қызығы» И.Нүсіпбаев. | **«Табиғат бұрышындағы еңбек»**<br>**Мақсаты:** Балаларды тапсырылған іске тыңғылықты қарауға үйрету.<br>**Барысы:** Табиғат бұрышында еңбек ету, гүлдерді суару, жапырақтарының шаңын сүрту, жұмысты тату жасап, бір-біріне көмектесуге үйрету. |
| **Ертеңгілік жаттығу.** | **Желтоқсан айының 2-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету.<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық.** | **Қуаныш шеңбері.**<br>**Шарты:** Өлең жолдарын айтып, шеңберде бір-біріне қуана қарайды, жақсы сөздерін айтады. | **Шаттық шеңбері.**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жадырайды жүздерің,<br>Жарқырайды тобымыз,<br>Қайырлы таң балалар! | **Шаттық шеңбері.**<br>Топтоп етіп басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса-жаса жарқын күн,<br>Жаса-жаса алтын күн! | **Шаттық шеңбері.**<br>Армысың сұлу күн!<br>Армысың жан досым!<br>Жылуыңа жылу қос,<br>Міне менің қолым! | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Буындардан сөздер құрастыруға үйрету.<br>**Д.О.** «Сөз ойла, көп ойла, тез ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген буынға сөз құрау.<br>**Пойыз ойыны.**<br>**Шарты:** Сөздерді буынға бөлу. Сөздегі буын санын анықтау.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері: :**<br>Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>**Д.О.** «Әдемі пішіндер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық іздену іс-әрекетін дамыту. Геометриялық пішіндерден түрлі бейнелер құрай білуді дамыту.<br>**Ойын барысы:** Ойын үшін алдын-ала геометриялық пішіндер жинағы дайындалады. Педагог балаларға геометриялық пішіндерден түрлі заттар бейнесін жасауды сұрайды. Мысалы: Аққала. т.б.<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу.<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**«Қане сөйлесейік» ойыны.**<br>**Мақаты:** Балалар арасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту, достық қатынас мағынасын түсіндіру.<br>**Ойын барысы:** Педагог нақты бір тақырыпты таңдайды. Мысалы: досының туған күніне сыйлық таңдау. Педагог балаларға осы тақырыпты талқылауға ұсынады және сұрақтар қояды.<br>-Сенің досың кім?<br>«Нағыз дос»-дегеніміз кім?<br>-Достар қандай болады?<br>Досыңның туған күніне оны қуанатындай қандай сыйлық сыйлар едің?<br>-Достық көмек дегенді қалай түсінесіңдер?<br>**Д.О.** «Біздің топ»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту, достыққа, татулыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, топта | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Геометриялық фигуралардың, көкөністер мен жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай, бастыру, бояу.<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>Көлеңкесінен қорқып безектейді,<br>Ал оның баласын көжек дейді.<br>(қоян).<br>Қалқиып қос құлағы,<br>Елеңдеп ылғи тұрады.<br>(қоян).<br>Өзінше ноян,<br>Қорқақ кім?<br>(қоян).<br>Далада жүр шапқылап,<br>Керемет бір саққұлақ<br>(қоян).<br>-Қоян қандай аң?<br>-Ол қайда мекендейді?<br>-Қоянның құлағы қандай?<br>-Қоянның құйрығы қандай?<br>-Қоянның баласын қалай атаймыз?<br>-Қоян немен қоректенеді?<br>-Қыста қоянның тоны қандай болады?<br>-Ал көктемде қоянның тоны қандай болады?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Қоян секек қағады,<br>Сәбізді іздеп табады.<br>Үйшігіне барады,<br>Ауқаттанып алады.<br>**Боямақ.**<br>**Мақсаты:** Геометриялық фигуралардың сыртын шетке шығармай, бастыру, бояуға үйрету.<br>**Шарты:** Үлкен және кіші | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:**<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>**Шарты:** Балалар шаттық шеңберінде дөңгелене тұрып, аналары өздерін қандай құстардың атымен еркелететіндерін айтады.<br>-Көгершінім.<br>-Балапаным.<br>-Қарғам.<br>-Қарлығашым.<br>**Ой қозғау:**<br>Балалар қыс мезгілінің өзгерістерін сұрақ-жауап ойыны арқылы суреттеу, әңгімелеу. Балалардың жауаптары тыңдалып, педагог олардың жауаптарын қортындылайды.<br>**Тыңда.**<br>**«Құстардың қысқы тіршілігі»**<br>-Қыс мезгілі суық, қарлы, боранды болады. Қыста суыққа төзе алатын құстар ғана қыстап қалады. Олар: торғай, қарға, көптер, сауысқан. (балаларға | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа және ұзын, толқынды ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу.<br>Балалардың қолдарын жазуға жаттықтыру.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:**<br>Геометриялық фигуралар Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты ойлауды, алдына қойылған міндетті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер ілінеді. Педагог балаларға көздерінді жұмындар деп бір пішінді алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай пішіннің жоқ екенін айтады.<br>**Кел, бірге орындайық!** Геометриялық фигуралар және денелер.<br>**.Ойлан.** Жануарлар қандай фигуралардан құрастырылған? Жапсыру үшін қандай фигуралар пайдаланғанын ата.<br>**.Боя.** Фигураларды тауып, шарды **қызыл,** текшені **көк,** цилиндрді **сары** түске боя.<br>.Көрсетілген пішіндерге (шар, цилиндр, текше) ұқсас заттардың суретін сал.<br>.Қолыңа **текшені** және **шаршыны** ал. Олардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Сен қандай айырмашылық бар екенін байқадың?<br>.Қолыңа шарды және дөңгелекті ал. Олардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Сен қандай айырмашылық барын байқадың?<br>.Қолыңа цилиндрді және дөңгелекті ал. Оладың үстінен саусағыңмен жүргіз. Сен қандай айырмашылық барын байқадың?<br>**.Бөлмеден осындай пішіндегі заттарды тауып,** | достарымен болған қызықты бір сәтті айтып береді.<br>**Шығармашылық үзіліс:** «Достық әні» үнтаспа.<br>**Сөздік ойын:** «Мақтау сөздер айту»<br>**Ойынның мақсаты:** Достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Міндеттері:** Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсіну, оларға белсене қатысу.<br>**Ашық микрафон:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі неше айдан тұрады?<br>-Отбасыңмен бірге қандай мерекелерді атап өткізесіңдер?<br>-Отбасылық қандай мерекелерді білесіңдер?<br>-Қандай сыйлық алғанды ұнатасың?<br>-Жаңа жыл мерекесі қашан болады?<br>-Жаңа жылда нені безендіреміз?<br>-Шыршаны безендірген сендерге ұнай ма?<br>-Ақшақар кім?<br>-Аязата мен Ақшақарға балалар қандай өнерлерін | дөңгелектерді тауып, бір түспен бояу арқылы қоянды сәбізге апаратын жолды тап.<br><br>**Сергіту сәті:** «Пішіндер әні»<br>Бойды сергек тік ұста,<br>Емін еркін тыныста.<br>Демінді ішке тез алда,<br>Оң қолыңды соз алға.<br>Қол ұшына қарада,<br>Үшбұрыш сыз ауада.<br>Сол қол боска тұрмасын,<br>Шеңбер болып зырласын.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Геометриялық фигуралар Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкімдік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Д.О.** «Ғажайып пішіндер»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Геометриялық пішіндерді | суреттен көрсету)<br>-Ал: көкек, ләйлек, қарлығаш, аққу, қараторғай бұлар жылы жаққа ұшып кетеді. (балаларға суреттен көрсету)<br>Қыста құстар ағаштардың бұтақтарын панапап күнелтеді. Қарны ашып тоңған, жаураған құстар адамдарға жақын ұшып-қонып жүреді. Адамдар құстарға жемшашар жасап, оған жем салып, ағаштың бұтағына іліп қояды.<br>**Тез жауап бер.**<br>-Қандай құстар қыста қыстап қалады екен?<br>-Біздер құстарға қандай қамқорлық жасауымыз керек?<br>-Құстар қыста немен қоректенеді?<br>-Өзіңе қандай құс ұнайды?<br>-Құстың адамға қандай пайдасы бар?<br>**Д.О.** «Сөйлем құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген сөздерден сөйлем құрай білуді үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген сөздерден қысқша сөйлем құрайды, сурет бойынша өз ойынанан сөйлем құрастырып, әңгімелейді. Балалар, құстар, ұя.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Құстар біздің досымыз, Бау-бақшаны қорғайды. | шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкімдік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Еркін ойын.** «Пішіндерден не салуға болады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой, қиялын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға геометриялық пішіндерден әртүрлі суреттер салуды ұсыну.<br>**Көрме ұйымдастыру.** Балалардың салған суретін бағалау. Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру.<br>**Еркін ойын.** «Ұшқыр ойлы баламын»<br>**Шарты:** Дөңгелектерден аппликация ойластырып, оны жапсыр.<br><br>**3.Мүсіндеу.**<br>**Міндеттері:** Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларды ата. Олардың түсі қандай?<br>.Суретке қарап, не бейнеленгенін ата. Заттар қандай пішінге ұқсайды?<br>**Қимылды ойын:**<br>«Мұздатам»<br>Боран борайды-1<br>Боран борайды-2<br>Боран борайды-3<br>Түрлі фигура болып қат.<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Қыс мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>**«Көңілді қыс»** суреті бойынша әңгіме құрастыру. Қысқы ойын, аязды күн, қысқы табиғат, жылы киінген балалар бейнеленген сурет арқылы жұмыс жүргізу.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Алақай, алақай,<br>Қуанды балақай.<br>Қыс келді, қар жауды,<br>Айнала ақша қар.<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла» | көрсетеді?<br>-Аяз атадан сыйлық алып көрдіңдер ме?<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Шашуы көп, дәмі мол,<br>Тастамайды қабын ол.<br>Жаһан кезіп баланың,<br>Қуантпақшы бәрін ол.<br>(Аяз ата).<br>**Тыныштық сәті.** Музыка ойналып тұрады. Көзімізді жұмып, Жаңа жыл мерекесін елестетейік. Шыршаны айнала дөңгелене тұрмыз. Қандай әдемі шырша! Жасыл шырша әсем етіп безендірілген. Аязата мен Ақшақар шырша жанында тұр. Көзімізді ашайық. Көз алдарыңа не елестеттіңдер? (Әр бала не елестеткенін баяндайды).<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығн арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар кезекпен **з** мен **ш** дыбыстары кездесетін сөздер айтып жарысады. Көп сөз айтқан топ немесе бала жеңімпаз атанады. Мысалы: аяз, шана, шаңғы, шырша, Аязата, Ақшақар т.б.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Шыршаны безендір»<br>**Ән айту:** «Шырша әні»<br>**Д.О.** «Кім көп сөйлем құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру. | атап, ажырата білуге үйрету. Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттар қандай пішіндерден құрастырылған? Аппликация жасау үшін қандай пішіндер пайдаланған?<br>**Д.О.** «Пішіннің суретін сал»<br>**Ойынның мақсаты:** Көріп, есте сақтауды дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға 1-2 минут аралығында геометриялық пішіндерді көрсетеді. Содан соң есінде қалғандарын қағазға түсіруді сұрайды.<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**Д.О.** «Үш түс, үш қозғалыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Бағдаршамның түстерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог бағдаршамның үш түсіне сәйкес қимылдар жасайды. Балалар педагогтің қимыл-қозғалысына қарай бағдаршам түстерін дұрыс атаулары қажет.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Бұзба көше тәртібін,<br>Ұрынарсың апатқа.<br>Ұқыпты болса әр күнің,<br>Жақын болма шатаққа!<br>-Көшеге шыққанда неге мән беруі керек?<br>-Қандай жол белгілерін білесіңдер?<br>**Қимылды ойын:** «Жолдан өту»<br>**Ойынның мақсаты:** Жол | Ұя жасап қарсы алсақ,<br>Құстар бізді қолдайды.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>«Құстарға көмек» Тақырыбында әңгіме құрастыру.<br>Тірек сөздер: жемшашар, суықтан тоңған құстар, сарышымшықтар, жем салды.<br>**Д.О.** «Қайсысы артық?»<br>**Шарты:** Педагог тақтаға құстардың суретін іледі. Мысалы: суықторғай, тоқылдақ, қарға, жабайы үйрек. Балалар суреттен қыстап қалатын құтарды атайды, ал жабайы үйректің артық екенін айтады.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Міндеттері:** Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсіну, оларға белсене қатысу.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Қ.Сағырбайұлының «Сарыарқа» күйін үнтаспадан тыңдату.<br>**Педагог:**<br>-Біз қай мемлекетте тұрамыз?<br>-Еліміздің бас қаласы қай қала?<br>-Қазақстан Республикасының президенті кім?<br>-Туымыздың түсі қандай?<br>**Тыңда:**<br>Қазақстан-тәуелсіз мемлекет. Қазақстан-көпұлтты мемлекет. Елімізде **16 желтоқсан-** | композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.<br>Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.<br>**Ой қозғау:**<br>**Шарты:** Сұрақ-жауап<br>-Өзің білетін үй құстарын ата.<br>-Құстардың барлығына тән белгілерін айт.<br>-Үй құстары немен коректенеді?<br>-Құстың адамға қандай пайдасы бар?<br>-Өзіңе қандай құс ұнайды?<br>-Қандай құстарды білесіңдер?<br>-Жыл құстарын атаңдар.<br>**Ертегі тыңдайық.**<br>«Ұсқынсыз үйрек» (үнтаспа).<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Шарты:** Жұмбақ жасыру арқылы тақтада жасырынып тұрған суретті табу.<br>Табаны бейне алақан,<br>Мынау қандай балапан?<br>-Үйрек үй құсы ма әлде дала құсы ма?<br>-Тағы қандай үй құстарын білесіңдер?<br>-Олардың пайдасы қандай?<br>-Олар немен коректенеді?<br>**Тыңда:** -Балалардың назарын суреттегі үйректерге аудару. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар кезекпен **з** және **ш** дыбыстары кездесетін сөздер айтып жарысады. Көп сөз айтқан топ немесе бала жеңімпаз атанады.<br>**Мысалы:** аяз, шана, шырша.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Лақтыру, қағып алу, домалату: 2-2.5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты алысқа лақтыру; асықты лақтыру; допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5-2 метр) басынан аса лақтыру; допты еуі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу; допты лақтыру және алға қарай жылжытып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4-5 метр).<br>**Қимылды ойын: «Қапшықты кім алысқа лақтырады?»**<br>**Шарты:** Балаларды бір қатарға тұрғызып, қолдарына бір-бірден қапшық таратылады. Нұсқаушының белгісі бойынша қолдарындағы қапшықты біртіндеп алысқа лақтырады. Нұсқаушы кімнің қапшығы алысқа түскенін бақылап, айтып отырады. Ойын осылай 3-4 | **Ойын барысы:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу. Балалардың түрлі әрекеттерде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар суретке қарап қыс мезгілінің табиғаттағы өзгерістерін сипаттап, әңгімелейді.<br>**Д.О.** «Сөйлем құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген сөздерден сөйлем құрай білуді үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген сөздерден қысқаша сөйлем құрайды, сурет бойынша өз ойынанан сөйлем құрастырып, әңгімелейді. Қыс, аяз, боран, қар, шырша, ағаштар, сырғанақ.<br>**Д.О.** «Ғажайып суреттер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, шығармашылық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар ақ қағазға қысқы табиғат көрінісінің суретін салады, әңгімелейді. | ережелері туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Бір бала «бағдаршам» болады. Қолына **жасыл** дөңгелекті ұстап тұрады. Балалар арнайы **«жолақ жолдан»** өтеді. Педагог «Солға қараймыз!», «Оңға қараймыз!»-деп бұйырады. Содан соң, «Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз»,-деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады.<br>**Жұмбақтар шешейік.** «Кім тапқыр?»<br>**Шарты:** Жұмбақтың жауабын табады.<br>Үш көзді батыр,<br>Жол көрсетер батыл.<br>Үш көзі үш түрлі:<br>Қызыл, сары, жасыл.<br>(бағдаршам).<br>Қырдан қырға жалғасады,<br>Барған сайын алға асады.<br>(жол).<br>Оңға да бұрады, солға да бұрады.<br>Жол тәртібін, реттеп тұрады.<br>(бағдаршам).<br>Көшеде жүр кішкентай үй,<br>Сол үйді жүргізуші жүргізеді.<br>(машина).<br>**Тыңда.** «Жолдан өткенде»<br>Дастан деген баламын,<br>Мектепке енді барамын.<br>Жүруді де үйрендім,<br>Көшесінде қаланың.<br>Жол шетіне келгенде,<br>Тоқтай қалып мен демде.<br>Көз саламын арнайы,<br>Белгісі бар жерлерге.<br>Қауіпті ғой көше тым,<br>Құмай жолдың төтесін. | **Тәуелсіздік күні** болып белгіленген.<br>«Қазақстан картасы»<br>-Балалар, картадан біздің республикамыздың ұлан-асыр жері бар екенін байқауға болады. Осы кең байтақ қазақ жері-бүгін Тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп аталады, егеменді мемлекет.<br>**«Тәуелсіздік ел ұраны»**<br>Ән айту.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Тәуелсіздік алған күн»<br>Қ.Әлімқұлов.<br>Он алтыншы желтоқсан-<br>Тәуелсіздік алған күн.<br>Мерекеге ел тосқан,<br>Атамменен барған күн.<br><br>Мерекеге шығады,<br>Бүкіл халық біліп қой.<br>Отандастар ұғады,<br>Тәуелсіздік ұлық той.<br><br>Аралаймын аланды,<br>Тәуелсіздік күні мен.<br>Батыр Қайрат ағамның,<br>Суретіне үңілем.<br><br>Он алтыншы желтоқсан<br>Тәуелсіздік алған күн.<br>Мерекеге ел тосқан,<br>Шырқап әнге салған күн.<br>**Д.О.** «Мен өскенде кім болам?»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі мамандық туралы білімдерін кеңейту. Суреттерді қолдана отырып әңгімелеу арқылы балалардың тілін дамыту. | -Балалар, қарандаршы мына үйректер қандай әдемі! Қане санайықшы қанша үйрек бар екен, үйректің балапаны көп пе, әлде аз ба? Енді біздер осы үйректің балапандарын тағы да көбейтейік. Ол үшін біз ермексаздан үйректер мүсіндейміз.<br>**Балалардың жұмысы.**<br>«Үйрек»<br>-Үйректің түсі қандай? Сары түсті ермексазды аламыз. Ермексазды үлкен және кіші екі бөлікке бөлеміз. Кіші бөлігінен басын домалатып жасаймыз. Үлкен бөлігінен денесін сопақша жасаймыз. Ал құйрығын бармақпен шымшып созамыз. Енді қызыл түсті ермексаздан аяғымен тұмсығын жасайық.<br>**Д.О.** «Бұл қандай құс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Құстар туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атайды.<br>-Өзің білетін үй құстарын ата.<br>-Құстардың барлығына тән белгілерін айт.<br>-Үй құстары немен қоректенеді?<br>-Құстың адамға қандай пайдасы бар?<br>-Өзіңе қандай құс ұнайды? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | рет қайталанады.<br>**«Нысанаға допты домалату»**<br>**Шарты:** Балалар екі қатарға бөлініп тұрады, тізілген кеглилерді қолдарындағы допты домалатып, көздеп құлату керек. Әрбір бала өзінің неше кегли құлатқанын есінде сақтауы тиіс. Допты оң қолмен, сол қолмен де домалатуға болады. | **4.Музыка.**<br>**Музыка тыңдау.** Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Билер.** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Би шығармашылығы.** Таныс би қимылдарн қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау, шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Музыка тыңдау:** «Желтоқсан желі» Ә.Тінәлиев. Үнтаспа.<br>**Ән айту:** «Тәуелсіз Қазақстан» Ә.Бейсеуов.<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Батырлар биі» Биді ер балалар орындайды. Қамшымен түрлі қимылдар орындайды. | Жолақтарды іздеймін,<br>Жаяу адам өтетін.<br>Асықпаймын аптығып,<br>Алдым мұны жақсы ұғып,<br>Күйсандықтың тіліндей,<br>Қатар қатар ақ сызық.<br>Ортасында тұра қап,<br>Оңға, солға бір қарап,<br>Жолдың арғы шетіне,<br>Жетіп алам жылдам ақ!<br>**Шығармашылық үзіліс:** «Бағдаршам бағыт береді»<br>**Шарты:** Бағдаршам түстерінің қызметін анықтап, есіне сақтайды.<br>Бағдаршамның суретін салады.<br>**Д.О.** «Ақылды машиналар»<br>**Ойын шарты:** Таратылған суреттер бойынша әңгімелеу.<br><br>**4.Шебер қолдар.**<br>**Тақырыбы:** Шырша.<br>**Сабақтың мазмұны:** Ермексаздан шыршаны мүсіндеу. Балаларға алақанға салып уқалау тәсілін үйрету.<br>**Ашық микрафон:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі неше айдан тұрады?<br>-Жаңа жыл мерекесі қашан болады?<br>-Жаңа жылда нені безендіреміз?<br>-Шыршаны безендірген сендерге ұнай ма?<br>**Тыныштық сәті.**<br>Баяу музыка әуенімен көзімізді жұмамыз. Көз алдымызға жасыл шыршаны елестетеміз. Қолымызға түрлі ойыншықтарды алып, шыршаға іліп жатырмыз. Шыршамыз жарқырап кетті. | **Ойын барысы:** Әрбір мамандық иелерін сурет арқылы балаларға көрсету. Балалар қалаған суретті алып, өскенде қандай мамандық иесі болатынын әңгімелеп береді.<br>**Еркін ойын:** «Туған жерді түрлендір»<br>Сурет салу.<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:**<br>Байланыстырып сөйлеу. Балалардың түрлі әрекеттерде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.<br>**Д.О.** «Сөйлемді толықтыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау жылдамдығын, сөйлеу белсенділігін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар шаттық шеңберінде дөңгеленіп тұрады. Педагог балаларға ойын ережесін түсіндіреді. Мен сөйлемнің бірнеше сөздерін айтамын, ал сендер оны жаңа сөздермен толықтырасыңдар, сол кезде аяқталған сөйлем шығуы керек.<br>**Мысалы:** «Далада.....қар жауып тұр»<br>(бірнеше сөйлем құрастыру).<br>Балалар сөйлемді | **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ұшты-ұшты»<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Спорттық жаттығулар.** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтыру мен спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жұбынды тап»<br>**Шарты:** Екі-екіден сапқа тұру. Сапта жүгіру. Түрлі-түсті орамалдарды алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпқа тұрады. Жұбын біліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді. Қайтадан «1,2,3-жұбынды тап!»-деп белгі бергенде қайта жұп құрып, тізбекке тұра қалады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қандай әдемі шырша!<br>Көзімізді ашайық.<br>**Ән айту:** «Шырша әні»<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Шырша».<br>(балалар ермексаздан шыршаны мүсіндейді).<br><br>Ең жақсы ойыншықтармен безендірілген шыршалардан көрме ұйымдастыру.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**5.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар: 3-4 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып жүру. (бір бала екінші баланың аяғынан ұстайды).<br>**«Қырықаяқ»** ойыны.<br>**Шарты:** Педагог ең алдына тұрып, **«қырықаяқты»** қыдыруға бастайды. Ол иректеліп жүріп, шеңберді айналып шығады.<br>Орындықтардың арасынан өтіп, аяқтың ұшымен, өкшемен жүреді, секіреді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Күн мен түн»<br>**Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады. Жүргізуші ортада тұрады.<br>Ұлдар тобы **«Түн»** қыздар тобы **«Күн»** болады.<br>Ойын басталады:<br>**«Түн!»** дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға, **«Күн!»** дегенде ұлдар қыздарды | толықтыруы тиіс.<br>**Д.О.** «Сөйлем ойластыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау жылдамдығын, сөйлеу белсенділігін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог және балалар шаттық шеңберінде дөңгеленіп тұрады. Педагог балаларға ойын ережесін түсіндіреді.<br>Бүгін біз сөйлем ойластырамыз. Мен бір сөз айтамын, ал сендер сол сөзге байланысты сөйлем құрайсыңдар.<br>(педагог балаларға бірнеше сөздер айтады, балалар сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастырады).<br><br>**4.Музыка.**<br>**Музыка тыңдау.** Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Билер.** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Би шығармашылығы.** Таныс би қимылдарн қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау, шығармашылық | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұстап алуға тырысады. | тапсырмаларды орындауға ынталандыру. | |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуендеу** | №6 Қарды бақылау. | №25 Көшені бақылау. | №17 Қардағы іздерді бақылау. | №18 Аула тазалаушының еңбегін бақылау. | №5. Күннің көзін бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс.** | Қасқырбай Айда<br>**1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз.**<br>(қолын жазуға жаттықтыру).<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа және ұзын сызықтарды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. | Берік Бейбарыс<br>**1.Көркем әдебиет.**<br>Тақпақтар жаттау.<br>Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айтуға үйрету. | Қасқырбай Айда<br>**1.Математика негіздері.**<br>Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. | Берік Бейбарыс<br>**1.Сурет салу.**<br>Боямақ. «Көңілді қыс» (дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу). | Қарағұл Рахат<br>**1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз.**<br>(қолын жазуға жаттықтыру).<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа және ұзын сызықтарды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге ойнаңыздар» | Өлең, тақпақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Баланың қызығушылығын қалай дамытуға болады?» тақырыбына әңгіме. | Ата-аналарға кеңес: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

Бекітемін: [signature]

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.**

**Білім беру ұйымының атауы:** Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін мектебі.

**Мектепалды** «0» А сыныбы.

**Балалардың жастары:** 5 жас.

**Жоспарлау күні:** 19.12.-22.12. 2023-2024 оқу жылы.

| Күн тәртібі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | |
| Балалардың дербес әркеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар). | **Ән айту:** «Тәуелсіз Қазақстан» Ә.Бейсеуов. | **Д.О.** «Айырмашылығын тап» **Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту. **Ойын барысы:** Суретке қарап, суреттен қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады. | **Боямақ.** «Аққалалар» | **Д.О.** «Математикалық пазлдар» **Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. **Ойын барысы:** Берілген қималардан шетінде тұрған сандарды ретімен қойып шығу арқылы бейне құрастыр. |
| **Ертеңгілік жаттығу.** | **Желтоқсан айының 3-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету.<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз. | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық.** | **Шаттық шеңбері.**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жадырайды жүздерің,<br>Жарқырайды тобымыз,<br>Қайырлы таң балалар! | **Шаттық шеңбері.**<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса-жаса жарқын күн,<br>Жаса-жаса алтын күн! | **Шаттық шеңбері.**<br>Армысың сұлу күн!<br>Армысың жан досым!<br>Жылуыңа жылу қос,<br>Міне менің қолым! | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге! |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**«Қане сөйлесейік» ойыны.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Геометриялық фигуралардың, көкөністер мен жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай, бастыру, бояу.<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттар | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**Ой қозғау:**<br>Сұрақ-жауап әдісі арқылы **«Көңілді** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа және ұзын, толқынды ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Мақаты:** Балалардың өз ойын ашық жеткізе білуге үйрету, қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу<br>**Ойын барысы:** Педагог нақты бір тақырыпты таңдайды.<br>**Мысалы:** Құстар. Педагог балаларға осы тақырыпты талқылауға ұсынады және сұрақтар қояды.<br>-Өзің білетін құстарды ата.<br>-Құстар қандай пайда келтіреді?<br>-Сен құстарға қандай қамқорлық жасайсың?<br>-Өзіңе қандай құс ұнайды?<br>**Д.О.** «Аукцион»<br>**Шарты:** Жұмбақтың жауабын- табауып, қыс сыйлығын ұтып ал!<br>Еркін самғап ұшсын деп,<br>Мәпелейміз, баптаймыз.<br>Бейбітшілік құсы-деп,<br>Қай құсты біз айтамыз?<br>(көгершін).<br>Бір-ақ уыс көлемім,<br>Шыбын-шіркей корегім.<br>Бау-бақшаны қорғаймын,<br>Ал атым ше?<br>(торғаймын).<br>Ұшқаны қызық жалпылдап,<br>Өзі сондай саңқылдақ.<br>(сауысқан).<br>Қонып алып жарға,<br>Қарқылдайды<br>(қарға).<br>Түсі қара мақпалдай,<br>Төсіне сыр жаққандай,<br>Ұшса оқтай зулайды,<br>Көктен жұлдыз аққандай.<br>(қарлығаш).<br>Тоқылдап мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Ормандарды емдейді,<br>Зиянкестерден тазалап.<br>(тоқылдақ)<br>**Д.О.** «Қайсысы қайда тұрады?» | қандай пішіндерден құрастырылғанын айт. Заттарға ортақ атау бер.<br><br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Көкке шаншып құйрығын,<br>Келеді шауып жүйрігім.<br>(күшік)<br>-Балалар, сендердің үйлерінде күшік бар ма?<br>-Күшік қалай үреді?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Күшігім бар күшігім,<br>Кереметтей саққұлақ.<br>Күзетіп үй есігін,<br>Көңілді жүр шапқылап.<br>**Боямақ.** «Көңілді күшік»<br>**Мақсаты:** Геометриялық фигуралардың сыртын шетке шығармай, бастыру, бояуға үйрету.<br>**Шарты:** Үлкен және кіші үшбұрыштарды тауып, бір түспен бояу арқылы күшікті допқа апаратын жолды тап. | **қыс»** тақырыбының мазмұнын ашу.<br>-Қазір қай мезгіл?<br>-Қыстың күзден айырмашылығы неде?<br>-Қыста адамдар қалай киінеді?<br>-Қыстап қалған құстарға қалай көмектесеміз?<br>-Қыста балалар қандай ойындар ойнайды?<br>-Қысты неліктен көңілді деп атайды?<br>**Жұмбақтар шешу.**<br>Қоймасын қыс ақтарып,<br>Жерді жапты ақ мамық.<br>(қар).<br>Көзіңе көрінбейді,<br>Тоңдырып қыздыртады.<br>Күні-түні ерінбейді,<br>Өзенге мұз артады.<br>(аяз).<br>-Қыс қандай болады?<br>Суық, аязды, қарлы.<br>**«Көңілді қыс»** суреті бойынша әңгіме құрастыру.<br>(қысқы ойын, аязды күн, қысқы табиғат, жылы киінген балалар бейнеленген суреті арқылы жұмыс жүргізіледі).<br>-Қыста қандай ойындар ойнаймыз?<br>-Қыс мезгілінде ойналатын ойындарды атаңдар.<br>-Конькиді қай жерде тебеді?<br>-Шаңғыны ше?<br>-Дөң басынан шаңғы, шана теуіп көрдіңдер ме?<br>-Аққаланы қалай жасайды?<br>**Д.О.** «Аққала»<br>**Шарты:** Тақтаға жартылай қиылып жасалған аққала бөліктері ілінеді. Үстел үстінде қалған бөліктері: мұрны, көзі, аузы, басына киетін шелек қалпағы сияқты суреттер жатады. Балалар осы бөліктерді алып, көздерін жұмып тұрып, тақтаға жапсырады. | орындату.<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу. Балалардың қолдарын жазуға жаттықтыру.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Геометриялық фигуралар Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкімдік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Еркін ойын.** «Пішіндерден не салуға болады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой, қиялын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға геометриялық пішіндерден әртүрлі суреттер салуды ұсыну.<br>**Көрме ұйымдастыру.** Балалардың салған суретін бағалау. Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру.<br>**Еркін ойын.** «Ұшқыр ойлы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Шарты:** Қарлығаш пен қараторғайдың өз ұясын табу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>**Ойынның мақсаты**: Балаларды аңғарпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелейді.<br>**Ойын барысы:** Ойын бастаушы ұша алатын затты атап, **«ұшты»-** деп қолын көтереді, сонда бәрі тез қолдарын көтеріп **«ұшты-ұшты»-** деп қолдарын көтеріп қалықтап тұрады. Ал ұша лмайтын затты атап **«ұшты»**-деп қолды көтергенде, онда сендер **«ұшпайсыңдар».** Ал егер ұша алмайтын затты атағанда «ұшып кеткен» ойнаушы айып тартады.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Міндеттері:** Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсіну, оларға белсене қатысу.<br>**Ашық микрафон:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс мезгілі неше айдан тұрады?<br>-Отбасыңмен бірге қандай мерекелерді атап өткізесіңдер?<br>-Отбасылық қандай мерекелерді білесіңдер?<br>-Мерекеде қандай сыйлық алғанды ұнатасың?<br>-16 шы желтоқсан қандай мереке?<br>-Алдымызда қандай мереке келе жатыр?<br>-Жаңа жыл мерекесі қашан болады?<br>-Жаңа жылда нені безендіреміз?<br>-Шыршаны безендірген сендерге ұнай ма?<br>-Ақшақар кім?<br>-Аязата мен Ақшақарға балалар қандай өнерлерін көрсетеді?<br>-Аяз атадан сыйлық алып көрдіңдер ме? | <br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Геометриялық фигуралар Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттар қандай пішіндерден құрастырылғанын айт. Заттарға ортақ атау бер. | **2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Міндеттері:** Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров және Талғат Мұсабаевті білу және оларды құрметтеу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар шаттық шеңберінде тұрады, бірге айтады.<br>Көкке ұшамын,<br>Ұшқыш болар баламын.<br>Соңынан ерем<br>Ер ғарышкер ағаның.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Ұшады қанатсыз,<br>Зырлайды аяқсыз.<br>(зымыран).<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Ғарыш айлағы**-бұл зымыран, ғарыш серігі мен үлкен ғарыш кемесі ұшырылатын орын.<br>Бірінші ғарыш серігі **Байқоңыр** ғарыш айлағынан ұшырылды. Бұл жерден тұңғыш ғарышкерлер Юрий Алексеевич Гагарин ұшты.<br>Тоқтар Әубәкіров Қазақстанның тұңғыш ғарышкері. Одан кейін 4 жылдан соң ғарышқа Талғат Мұсабаев ұшты. Ол ғарышта 2 рет болды. Ғарыш станциясында ғарышкерлер зерттеу жұмысын жүргізеді.<br>**Бірге жаттайық.**<br>**Мен ғарышкер боламын!**<br>Аспан аспан арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын!<br>**Қимылды ойын:** «Ғарыш әткеншегі»<br>**Шарты:** Ортада бір бала Күн болып тұрады. Қалған балалар Күн жүйесіндегі ғаламшарлар. Мысалы: Жер, Сатурн,. Уран, Меркурий т.б. Көңілді музыка әуенімен балалар | баламын»<br>**Шарты:** Үшбұрыштардан аппликация ойластырып, оны жапсыр.<br><br>**3.Жапсыру.**<br>**Міндеттері:** Сюжеттік композициялар жаау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігімен жеке гигиена ережелерін сақтау.<br>**Ой қозғау:**<br>-Балалар алдымызда қандай мереке келе жатыр?<br>-Жаңа жыл мерекесінің басқа мерекелерден қандай айырмашылығы бар?<br>-Жаңа жылда қандай сыйлық алғыларың келеді?<br>Мерекеде адамдар бір-біріне құрмет көрсетіп сыйлықтар сыйлайды. Сыйлықтың ең жақсысы өз қолыңнан бұйым жасап, жақыныңа, досыңа мерекеде сыйға тартып қуанту.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Жаңажылдық ашықхат»<br>**Шарты:** Педагог балаларға достарына, туыстарына мерекеде сыйға тартатын ашықхат дайындауды ұсынады.<br>.Ашықхаттың сыртқы бетіне қағаз түсі таңдалады.<br>.Түрлі-түсті қағаздан тіктөртбұрыш пішінді дайындамалар қиып аламыз.<br>.Шырша ойыншықтарын жасау үшін қажетті дайындамаларды бүктейміз.<br>.Оларға жай қарандашпен суретін сызып саламыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жұмбақты шеш.**<br>Шашуы көп, дәмі мол,<br>Тастамайды қабын ол.<br>Жаһан кезіп баланың,<br>Қуантпақшы бәрін ол.<br>(Аяз ата).<br>**Тыныштық сәті.** Музыка ойналып тұрады. Көзімізді жұмып, Жаңа жыл мерекесін елестетейік. Шыршаны айнала дөңгелене тұрмыз. Қандай әдемі шырша! Жасыл шырша әсем етіп безендірілген. Аязата мен Ақшақар шырша жанында тұр. Көзімізді ашайық. Көз алдарыңа не елестеттіңдер? (Әр бала не елестеткенін баяндайды).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Шыршаны безендір»<br>(сурет салу)<br>**Ән айту:** «Шырша әні»<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу. Балалардың түрлі әрекеттерде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Қыс келді, қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>**Сұрақ-жауап:**<br>-Қысқы ойындарды ата.<br>-Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар суретке | <br>**Д.О.** «Пішіннің суретін сал»<br>**Ойынның мақсаты:** Көріп, есте сақтауды дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға 1-2 минут аралығында геометриялық пішіндерді көрсетеді. Содан соң есінде қалғандарын қағазға түсіруді сұрайды.<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Көркем шығармаларды рөлдерге бөліп сахналау, рөлдерде кейіпкерлердің көңіл-күйімен мінезін, бейненің қимылын, интонациясымен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:** «Кім тапқыр?»<br>**Шарты:** Жұмбақтардың жауабын табады.<br>Шықпайды үйден,<br>Тоны жібектен.<br>Күндіз ұйықтайды,<br>Түнде дамыл таппайды.<br>Аңға барады,<br>Сол аңды үйден табады.<br>(мысық).<br>Еріксе құйрығымен ойнайды,<br>Зеріксе ұйқыға бір тоймайды.<br>(мысық). | «**Күнді**» айнала жүреді.<br>**Шығармашылық үзіліс:** «Аспан әлемі»<br>Суретін салады.<br>-Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?<br>-Ғарышкер ғарышқа не үшін ұшады?<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу. Балалардың түрлі әрекеттерде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.<br>**Д.О.** «Балық аулайық»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балықты аулап, ондағы берілген суреттерді байланыстырып сөйлем құрау.<br>**Д.О.** «Сөзге сөз қос»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Басталған сөзге сөз қосып, сөйлем құрастыру. Мысалы: Педагог бір сөзді айтады, балалар сөйлемді аяқтайды.<br>**Д.О.** «Ойлан да аяқта»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау жылдамдығын, сөйлеу белсенділігін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог сөз тіркестерін айтады, балалар сөйлемдерді аяқтайды.<br>Мысалы: Ат шабады, ал қарлығаш....<br>Қозы... , сиыр... .<br>Бота... төлі.<br>Лақ.... . Құлыншақ... .<br><br>**4.Музыка.**<br>**Музыка тыңдау.** Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу. | .Бөлшектерді сызық бойымен қиямыз.<br>.Негізгі бетке аппликацияның бөлшектерін реттеп орналастырып аламыз.<br>.Аппликацияның барлық бөлшектерін негізгі бетке ретімен жапсыру.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>карап қыс мезгілінің табиғаттағы өзгерістерін сипаттап, әңгімелейді.<br>**Д.О.** «Сөйлем құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген сөздерден сөйлем құрай білуді үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген сөздерден қысқша сөйлем құрайды, сурет бойынша өз ойынанан сөйлем құрастырып, әңгімелейді.<br>Қыс, аяз, боран, қар, күн.<br>**Сергіту сәті.**<br>Боран соғар оң жактан,<br>Боран соғар сол жактан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>(балалар қимылмен көрсетеді).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**1-топ:** «Боямақ»<br>«Көңілді қыс»<br>(балалар дайын суретті бояйды).<br>**2-топ:** «Ермексаздар елі»<br>«Қысқы ойындар»<br>(жеке мүсінделген фигуралардан сюжетті композиция құрастыру).<br>**3-топ:** «Қағаздар әлемі»<br>«Аққалалар»<br>(екі еселеніп бүктелген шаршыдан қиылған әртүрлі өлшемдегі дөңгелектерден аққаланың бейнесін құрастыру).<br>**Көрме ұйымдастыру.**<br>Ең жақсы жасалған топтың жұмыстарын атап өту, мадақтау.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Музыка тыңдау.** Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Билер.** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының</td>
<td>Мұртын сипап күні бойы,<br>Бетін сусыз жуады.<br>Тысырды аңдып түні бойы,<br>Тышқанды көп қуады.<br>(мысық).<br>Көкке шаншып құйрығын,<br>Келеді шауып жүйрігім.<br>(күшік)<br>-Балалар, сендердің үйлерінде мысық пен күшік бар ма?<br>-Мысық пен күшік не жейді?<br>**Ертегілер елінде.**<br>«Күшік пен мысық»<br>(балаларды жаңа ертегімен таныстыру, мәнерлеп оқып беру).<br>**Сергіту сәті.** «Көлеңке»<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>«Мысық» қалай жүреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>«Мысық» былай жүреді,<br>Көлеңкем де біледі.<br>(балалар мысық сияқты жайлап басып жүреді).<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>«Күшік» қалай үреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>«Күшік» былай үреді,<br>Көлеңкем де біледі.<br>(балалар күшік сияқты ав-ав-ав-деп үріп көрсетеді).<br>**Бірге жаттайық.**<br>**Мысық.**<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен ерте тұрады.<br>Бойын жазып керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br>Қасымнан бір қалмайды,<br>Көзін қысып алдайды.<br>Ойнатсамда күнімен,<br>Ойынға бір қанбайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>Керілді мысық,<br>Көзін жәймен қысып.</td>
<td>**Билер.** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Би шығармашылығы.** Таныс би қимылдарн қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау, шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Музыка тыңдау:** «Астана»<br>Үнтаспа.<br>-Астана туралы не білесіңдер?<br>-Астана қаласының қандай көрікті жерлерін білесіңдер?<br>-«Бәйтерек» туралы не білесіңдер?<br>-«Бәйтеректің» төбесінде не бар?<br>Әнде Астананың керемет келбетіне деген сүйіспеншілік бар. Астана-жас болса да бас қаламыз, маөтанышымыз. Есіл өзенінің бойында орналасқан әсем қалаға қарасаң көз тоймайды.<br>**Ән айту:** «Бәйтерек» Б.Әлімжан.<br>**Бәйтерек**-өмір ағашы. Салмағы 300 тонна болатын шар хамелеон шыныдан жасалған. Күн сәулесінің түсуіне қарай түсін өзгертіп тұрады.<br>-Ән қандай көңіл-күйде жазылған?<br>-Ән сендерге ұнады ма?<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:**<br>«Шарлармен би»<br>Музыка әуенімен шарды жоғары көтеріп, оңға, солға иілу және шарды жоғары ұстап аяқтың ұшымен шеңбер бойымен жеңіл жүгіру.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Би шығармашылығы.** Таныс би қимылдарн қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау, шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Музыка тыңдау:** «Астана» Үнтаспа.<br>-Астана туралы не білесіңдер?<br>-Астана қаласының қандай көрікті жерлерін білесіңдер?<br>-«Бәйтерек» туралы не білесіңдер?<br>-«Бәйтеректің» төбесінде не бар?<br>Әнде Астананың керемет келбетіне деген сүйіспеншілік бар. Астана-жас болса да бас қаламыз, мақтанышымыз. Есіл өзенінің бойында орналасқан әсем қалаға қарасаң көз тоймайды.<br>**Ән айту:** «Бәйтерек» Б.Әлімжан.<br>**Бәйтерек**-өмір ағашы. Салмағы 300 тонна болатын шар хамелеон шыныдан жасалған. Күн сәулесінің түсуіне қарай түсін өзгертіп тұрады.<br>-Ән қандай көңіл-күйде жазылған?<br>-Ән сендерге ұнады ма?<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Шарлармен би»<br>Музыка әуенімен шарды жоғары көтеріп, оңға, солға иілу және шарды жоғары ұстап аяқтың ұшымен шеңбер бойымен жеңіл жүгіру. | Жүгіреді күшік,<br>Аула ішін кезіп.<br>**Д.О.** «Ертегіні ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды ертегілерді ажыратып, атай білуге үйрету және жинақтау, талдау қабілеттерін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға ертегілер бейнеленген суреттер таратылады. Балалар суретке қарап қандай ертегі екенін айтады.<br>**Д.О.** «Ертегі кейіпкерлерін таны»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға ілінген ертегі кейіпкерін атайды, қай ертегі кейіпкері екенін табады.<br><br>**4.Шебер қолдар.**<br>**Тақырыбы:** Аққала.<br>**Сабақтың мазмұны:** Аққаланы пайдалана отырып аққаланы жасату. Желіммен, қайшымен жұмыс жасау.<br>**Миға шабул:**<br>-Қыста жерде не жатады?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>-Аққала соғып көрдің бе?<br>-Қардан қолымыз жаурамас үшін не киеміз?<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Шелек қалпақ басында,<br>Сәбіз екен танауы.<br>Қыста қардан туатын,<br>Тауып көрші сен оны.<br>(Аққала).<br>**Бірге жаттайық.** «Аққала»<br>Ауыл алды ақша қар,<br>Ақшақарда балалар.<br>Соғып жатыр аққала,<br>Жалқауы жоқ жұмысқа.<br>**Тыныштық сәті:** Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмады. Көз алдарына топ алаңын, онда соққан аққаланы елестетеді. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Аққаламыз қандай әдемі! Көзімізді ашамыз. Көңіл-күйлерің қандай болды?<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Аққала»<br>**Шарты:** Балалар аққаланы қиып, жапсырады.<br><br>**5.Дене шынықтыру.**<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтыру мен спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>**«Қырықаяқ»** ойыны.<br>**Шарты:** Педагог ең алдына тұрып, «қырықаяқты» қыдыруға бастайды. Ол иректеліп жүріп, шеңберді айналып шығады. Орындықтардың арасынан өтіп, аяқтың ұшымен, өкшемен жүреді, секіреді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын»<br>**Ойын барысы:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіру (біреуі-оңға, біреуі-солға). Ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету. | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | |
| **Серуендеу** | №5. Күннің көзін бақылау. | №14. Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайын бақылау. | №13 Қырауды бақылау. | №25 Көшені бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс.** | Қарағұл Рахат<br>**1.Математика негіздері.**<br>Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) | Қасқырбай Аида<br>**1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Қолға қалам аламыз,**<br>**Әдемі етіп жазамыз.**<br>(қолын жазуға жаттықтыру). қолды жазуға дайындауға, берілген | Амангелді Дәулеткелді<br>**1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастыруды меңгерту. | Қасқырбай Аида<br>**1.Сурет салу.**<br>Боямақ. «Көңілді қыс» (дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу). |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. | тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға баулу. | | |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Ата-аналарға кеңес: «Бала тәрбиесіндегі қымбатты бір минут»<br>Бір минут балаңызды мақтаңыз. | «Ойыншықты қалай таңдаған дұрыс?»<br>Ата-анаға кеңес. | Өлең, тақпақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

Бекітемін:

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.

**Білім беру ұйымының атауы** Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін мектебі.
**Мектепалды** «0» А сыныбы.
**Балалардың жастары:** 5 жас.
**Жоспарлау күні:** 25.12.-28.12. 2023-2024 оқу жылы.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | |
| **Балалардың дербес әркеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | ***Ән айту:*** «Кішкентай шырша» | **Сурет салу.**<br>«Шырша»<br>**Мақсаты:** Шыршаны әртүрлі тәсілмен салу. | ***Ән айту:*** «Аяз ата» Ө.Байділдаев. | **Сурет салу.**<br>«Шырша ойыншықтары»<br>**Мақсаты:** Балаларға Жаңа жыл шыршасына ойыншықтар іліп безендіруді үйрету; бейнелі қабылдауды, түстерді суреттеу белгілі бір ырғақты қажет ететіндігін дұрыс қабылдай білу дағдысын қалыптастыру. |
| **Ертеңгілік жаттығу.** | ***Желтоқсан айының 4-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты.*** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету.<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз. | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық.** | **Шаттық шеңбері.**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жадырайды жүздерің,<br>Жарқырайды тобымыз,<br>Қайырлы таң балалар! | **Сөздік ойын:** «Денсаулық құпиялары»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды бір-біріне жылы сөздер айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Бәрі бірге айтады.<br>-Күніміз ашық болсын!<br>-Жеріміз кең болсын!<br>-Ауамыз таза болсын!<br>-Суымыз тұнық болсын! | **Шаттық шеңбері.**<br>Армысың сұлу күн!<br>Армысың жан досым!<br>Жылуыңа жылу қос,<br>Міне менің қолым! | **Сөздік ойын:** «Ауа-райы туралы айтып бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. (суық, аяз, жел, қар жауып тұр, боран) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | -Гүліміз жақсы өссін! | | |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Геометриялық фигуралардың, көкөністер мен жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай, бастыру, бояу.<br>**Ой қозғау:**<br>Суреттен қандай геометриялық фигураларды көріп тұрсың?<br><br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жұмбақ жасыру.<br>Допқа өзі ұқсайтын,<br>Ерекше бір пішін бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br>(дөңгелек).<br>Төрт бұрышы бар,<br>Төрт қабырғасы бар.<br>(төртбұрыш).<br>Атына сай балалар,<br>Үш бұрыш, үш жағы бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br>(үшбұрыш).<br>**Геометриялық пішіндер.**<br>**Бірге жаттайық.**<br>.Төртбұрышпын, төртбұрышпын,<br>Төрт қабырғасы бар бұрышпын.<br>Қай жағынан қарасаңда,<br>Төрт қабырғам тең бұрышпын. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**Жұмбақ шешу:**<br>Шашуы көп, дәмі мол,<br>Тастамайды қабын ол.<br>Жаһан кезіп баланың,<br>Қуантпақшы бәрін ол.<br>(Аяз ата).<br>**Пікір алмасу:**<br>-Жаңа жыл мерекесі қашан болады?<br>-Жаңа жыл мерекесі басқа мерекелерден қалай ерекшеленеді?<br>-Несімен қызықты?<br>(балалардың пікірлерін тыңдау).<br>**Тыңда:**<br>Жаңа жыл мерекесі-әлемнің көптеген халықтары тойлайтын ортақ мереке. Әр халық әртүрлі деңгейде және әртүрлі ғұрыпта тойлайды. Әр жылдың бірінші қаңтарының түні (31 желтоқсаннан 1- қаңтарға қараған түн)-Жаңа жыл түні. Әсем ойыншықтары жарқыраған жасыл шырша Жаңа жылдың ерекше белгісі. Жаңа жылдық тұңғыш шырша өте ертеде Герман провинциясы Эльзаста орнатылған, депті. Алғашқы кезде шыршаны қағаздан жасалған раушан гүлдерімен безендірген екен.<br>**Бірге жаттайық.**<br>С.Қалиұлының «Шырша» өлеңінен | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа және ұзын, толқынды ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу. Балалардың қолдарын жазуға жаттықтыру.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Геометриялық фигуралар Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкімдік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>-Қайырлы таң!<br>-Бүгін қандай күн!<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Қыс мезгілінде қалай киінеміз?<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Суреттегі баланың үстіне киген киімдерін атаңдар.<br>-Бала қай мезгілге сай киінген?<br><br>Педагог әр балаға киімдер бейнеленген суреттер таратып береді, балалар киімдерге сипаттама береді.<br>-Қыс мезгілінде қандай киімдер киеміз?<br>**«Балаларға арналған киім дүкені»** мазмұнды суреттер бойынша әңгіме құрастыру.<br>**Д.О.** «Қай мезгілде киеміз?»<br>**Ойынның мақсаты:** Киімдерді ажырата білуге үйрету, тазалыққа, ұқыпты киініп жүруге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Ауа-райының қандай мезгілінде мына киімдерді киер едің? Аттарын атау.<br>-Киімдерді қалай киюіміз керек?<br>-Киімді қайдан аламыз? |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | -Балалар неге оны төртбұрыш деп атайды екен?<br>-Төртбұрыштың қабырғасын санайық.<br>.Үшбұрышпын, үшбұрышпын,<br>Үш қабырғам бар бұрышпын.<br>Төртбұрыштан аз болсам да,<br>Орны бөлек үшбұрышпын.<br>-Балалар, үшбұрыштың қабырғаларын санайық.<br>.Домалақпын, домалақпын,<br>Дөңгелек боп домаладым.<br>Ай сияқты, күн сияқты,<br>Шар сияқты домалақпын.<br>-Дөңгелектің бұрыштары бар ма?<br>**Ән айту:** «Пішіндер әні»<br>**Жазып үйренем:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық фигуралардың дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырмай бояйды.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Геометриялық фигуралар Танымдық-зерттеушілік | үзінді жаттау.<br>**Тыныштық сәті:** (музыка ойналып тұрады).<br>**Педагог:**<br>-Көзімізді жұмып, Жаңа жыл мерекесін елестетейік, музыка залында шыршаны айнала дөңгелене тұрмыз. Қуаныш-қоян, Ерұлан-қасқыр, Айзере-көбелек, Айжұлдыз-қоян, Сұлтан-түлкі болып киініп алыпты. Жасыл шырша әсем етіп безендірілген. Аяз ата мен Ақшақар шырша жанында билеп жүр. Көзімізді ашамыз. Көз алдарыңа не елестеттіңдер?<br>(әр бала көз алдарына нені елестеткендерін баяндайды).<br>**Боямақ:** «Жаңа жылдық шырша»<br>**Шарты:** Балалар Жаңа жылдық шыршаны суретін бояп, безендіреді.<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балалар кезекпен **з** мен **ш** дыбыстары кездесетін сөздер айтып жарысады. Көп сөз айтқан топ немесе бала жеңімпаз атанады.<br>**Мысалы:** аяз, шана,, шырша, Аязата, Ақшақар, безендір. т.б.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастыру.<br>-Суретте кімдер бейнеленген?<br>-Бұл қандай мереке?<br>-Аязата мен Ақшақарға балалар қандай өнерлерін көрсетіп жатыр?<br>-Аязатаның қапшығында не бар?<br>-Аязата ойыншықтар мен конфеттерді кімдерге береді?<br>-Ақшақар кім?<br>**Ән айту:** «Аязата» Ө.Байділдаев. | **Ойын барысы:** Суреттегі заттар қандай пішіндерден құрастырылғанын айт. Заттарға ортақ атау бер.<br><br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Тіл алсаң тиме,<br>Үсті толған ине.<br>(кірпі).<br>Көп, көп ине, көп ине,<br>Бір сабағы жоқ ине.<br>Іс тікпейді әрине.<br>(кірпі).<br>Тұла бойы ине,<br>Тұмсығы түйме.<br>(кірпі).<br>**Ой қозғау:**<br>-Кірпі қайда өмір сүреді?<br>-Кірпі қандай болады?<br>-Кірпі немен қоректенеді?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Тұмсығында түймесі,<br>Деп тұрғандай тимеші.<br>Азулыдан сақтайтын,<br>Кірпінің көп инесі.<br><br>Кірпікшешен орманды,<br>Аралайды кезеді.<br>Қара тұмсық мұрыны,<br>Иісті жақсы сезеді.<br>**Боямақ.** «Кірпі»<br>**Мақсаты:** Геометриялық фигуралардың сыртын шетке шығармай, бастыру, бояуға үйрету.<br>**Шарты:** Үлкен және кіші | **Д.О.** «Мынау кімдікі?»<br>**Ойынның мақсаты:** Ер бала мен қыз баланың киімдерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі киімдердің қайсысы ер балаға, қайсысы қыз баланың киімдері екенін айтады.<br>**«Менің киімдерім»**<br>Ө.Ақыпбекұлы. Санамақ жаттау.<br>**Сергіту сәті.**<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>(балалар қимылмен көрсетеді).<br>**Д.О.** «Қайсысы артық?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Бір қатарда тұрған киімдердің ішіндегі қайсысы артық?<br>Туфли. Өйткені туфлиді күз; көктем мезгілінде ғана киеміз.<br><br>Киімдерді топтап айтқызу:<br>Малақай,құлақшын-баскиімдер.<br>Байпақ; кебіс; пима; етік-аяққиімдер.<br><br>**2.Қоршаған орта.**<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақстан Республикасының бас қаласы-Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Астана.<br>Болашаққа бастаған, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қызығушылықты ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттар қандай пішіндерден құрастырылғанын айт. Заттарға ортақ атау бер.<br><br>**Еркін ойын.** «Пішіндерден не салуға болады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой, қиялын дамыту.<br>Шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық пішіндерден әртүрлі суреттер салу.<br>**Көрме ұйымдастыру.**<br>Балалардың салған суретін бағалау. Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру.<br>**Еркін ойын.** Санау таяқшаларынан пішіндерді | **2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Міндеттері:** Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров және Талғат Мұсабаевті білу және оларды құрметтеу.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Аспанда бір алып құс,<br>Зырлап ұшып барады.<br>Қарап тұрсаң ғажайып,<br>Соңында із қалады.<br>(зымыран).<br>**Ән айту:** «Ғарышкер» (үнтаспадан балалар бірге қосылып айтады).<br>**Ой қозғау:**<br>-Ғарышкер ғарышқа не үшін ұшады?<br>-Ғарышкер қандай адам болуы керек?<br>-Өскенде ғарышкер болғың келе ма?<br>Педагог аспан әлеміне ұшқан тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіровпен таныстырады.<br>**Ғарышкерлер.**<br>Тоқтар Әубәкіров Қазақстанның тұңғыш ғарышкері. Одан кейін төрт жылдан соң ғарышқа қазақ азаматы Талғат Мұсабаев ұшты. Ол ғарышта екі рет болды. Ғарыш станциясында ғарышкерлер зерттеу жұмысын жүргізеді. Ғарыш айлағы дегеніміз не?<br>**Ғарыш айлағы-**бұл зымыран, ғарыш серігі мен үлкен ғарыш кемесі ұшырылатын орын. Бірінші ғарыш серігі Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшырылды. Бұл жерден тұңғыш ғарышкер Юрий Алексеевич Гагарин ұшты.<br>**Бірге жаттайық.**<br>**Байқоңыр.**<br>Ғарышкерлер мекені,<br>Қазақ жері Байқоңыр. | төртбұрыштарды тауып, бір түспен бояу арқылы кірпіні жейтін азығына апаратын жолды тап.<br><br>**Боямақ.**<br>-Пішіндерден не салуға болады?<br>-Текеметті қандай пішіндермен безендірген?<br>-Текеметті боя.<br><br>**Еркін ойын.** Санау таяқшаларынан пішіндерді құрастыр.<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер ілінеді. Педагог балаларға көздеріңді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. Балалар көздерін | Шарықтайды асқақ ән.<br>Елордасы Отанның,<br>Мақтанышым-Астанам!<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Астана.**<br>Қазақстанның елордасы-Астана қаласы. Астана-әдемі, жас қала. Онда кең көшелер, аллеялар мен саябақтар бар. Қала Есіл өзенінің екі жағын ала орналасқан. Ол күннен-күнге көркейіп келеді. Астана қаласында көрікті мәдени орталықтар, ғимараттар көп. Жастар үйі, Спорт сарайы, Балалар мен жасөспірімдер үйі өте әдемі. Қалада институттар, университеттер, балабақшалар мен мектептер бар. Астанада ескерткіштер көп.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Астана-арман қала,<br>Бағы бір жанған қала.<br>Тұрады ол жап-жас болып,<br>Мен үлкен болғанда да.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>-Мәдени орталықтар дегеніміз не?<br>-Астананы неге жас қала деп атайды?<br>-Астана жайлы тағы не білесіңдер?<br>**Ән айту:** «Астана-ай қала»<br>-Әнде не туралы айтылған?<br>-Кім Астанаға барды?<br>-Астана қаласының қандай көрікті жерлерінде болдыңдар?<br>**Боямақ:** «Астана-бас қала»<br>**Шарты:** Ақ қағаз бетіне алақандарын акварель бояуына малып, түрлі-түсті гүлдердің суретін салып, **«Қазақстаным гүлдене берсін»**-деп тілек айтады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | құрастыр.<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Көркем шығармаларды рөлдерге бөліп сахналау, рөлдерде кейіпкерлердің көңіл-күйімен мінезін, бейненің қимылын, интонациясымен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрады бір-біріне жаңа жылдық жақсы тілектер айтады.<br>**Педагог:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс мезгілі неше айдан тұрады?<br>-Қыста қандай мерекені атап өтеміз?<br>-Жаңа жылда нені безендіреміз?<br>-Шыршаны безендіру сендерге ұнай ма? Ендеше шыршаны безендірген кезімізді көз алдымызға елестетейік.<br>**Тыныштық сәті:** Баяу музыка әуенімен көзімізді жұмамыз. Көз алдымызға жасыл шыршаны елестетеміз. Қолымызға түрлі ойыншықтарды алып, шыршаға іліп жатырмыз. Шыршамыз жарқырап кетті. Қандай әдемі шырша! Көзімізді ашайық.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Жасыл желен жамылған,<br>Асыл моншақ тағынған.<br>Міне сұлу шыршамыз,<br>Көптен күтіп сағынған.<br>**«Ормандағы шырша тойы»** әңгімесімен балаларды таныстыру.<br>-Руслан ата-анасымен қайда тұрады?<br>-Жаңа жыл карсаңында қонаққа қаладан кім келді?<br>-Тимур Русланға қандай ой | Қай жер саған жетеді,<br>Ғажап жерім Байқоңыр!<br>**Тыныштық сәті:** Баяу музыка әуені ойналады. Балалар көздерін жұмып, терең тыныстайды. Денелерін еркін ұстайды. Көз алдарына аспан әлемін елестетеді.<br>-Біз ұшақта отырмыз, жаймен аспанға көтерілеміз, аспанға көтерілдік.<br>-Біз қалықтап ұшып жүрміз, ұшып жүрміз, жерге жаймен қонамыз, жерге қондық.<br>-Көзімізді ашайық. Көңіл күйлерің қалай болды?<br>**«Тоқтар батыр»** өлеңімен балаларды таныстыру.<br>**Сергіту сәті.**<br>Біз ұшамыз, ұшамыз,<br>Бар әлемді құшамыз.<br>Әрбір ел мен қалаға,<br>Қуаныш, бақыт сыйлаймыз.<br>**Шығармашылық үзіліс:**<br>«Ғарыш кемесі» сурет салу.<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу. Балалардың түрлі әрекеттерде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкімдік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Би биледің, жыр жырладың,<br>Қызығына тоймадың.<br>Достарыңмен ойнадың,<br>Жаңа жылды тойладың.<br>Бұл қай ай?<br>(желтоқсан айы).<br>Жаңа жылда жылды ертіп келетін,<br>Аппақ сақал, қарлы тымақ<br>Ойынға сән береті,<br>Ол кім?<br>(Аязата). | ашқанда қандай пішін жоқ екенін айтады.<br>**Қимылды ойын:** «Мұздатам»<br>Боран борайды-1<br>Боран борайды-2<br>Боран борайды-3<br>Түрлі фигура болып қат.<br>**Д.О.** «Әдемі пішіндер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық іздену іс-әрекетін дамыту. Геометриялық пішіндерден түрлі бейнелер құрай білуді дамыту.<br>**Ойын барысы:** Ойын үшін алдын-ала геометриялық пішіндер жинағы дайындалады. Педагог балаларға геометриялық пішіндерден түрлі заттар бейнесін жасауды сұрайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бойды сергек тік ұста,<br>Емін еркін тыныста.<br>Деміңді ішке тез алда,<br>Оң қолыңды соз алға.<br>Қол ұшына қарада,<br>Үшбұрыш сыз ауада.<br>Сол қол босқа тұрмасын,<br>Шеңбер болып зырласын.<br>(балалар қимылмен көрсетеді, ауада үшбұрышты сызады).<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Көркем шығармаларды рөлдерге бөліп сахналау, рөлдерде кейіпкерлердің көңіл-күйімен мінезін, бейненің қимылын, интонациясымен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Еріксе құйрығымен ойнайды,<br>Зеріксе ұйқыға бір тоймайды.<br>(мысық).<br>Қызыл бұжыр айдары бар,<br>Қоқиланған айбары бар.<br>Ауық-ауық азан салып,<br>Өнеш керген айғайы бар.<br>(әтеш). | «Бәйтерек»<br>**Шарты:** 3-4 обруч айналасында балалар тұрады. Музыка басталғанда балалар айналып билеп жүреді. Музыка өзгергенде бір бала шеңбердің ішіне кіріп допты алып көтереді. Ал қалған балалар обручты көтеріп тұрып қалады. Қай топ бірінші тұрады, сол топ жеңіске жетеді.<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу. Балалардың түрлі әрекеттерде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкімдік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.<br>**Суреттер бойынша әңгіме:**<br>«Аязата мен Ақшақар»<br>Сурет бойынша әңгімелеу. Жаңа жыл мерекесі жайында мазмұнды суреттерді қарастыра отырып әңгіме құрастыру.<br>**Боямақ:** «Аязата мен Ақшақар»<br>(балалар дайын суреттерді бояйды, әңгімелейді).<br>**Қол еңбегі.**<br>Қағазбен жұмыс.<br>«Мерекелік маскалар»<br>**Мақсаты:** Балаларға қағаздан Жаңа жыл мерекесіне арналған маскалар жасауға үйрету. Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, мерекелік көтеріңкі көңіл-күй туындату.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Ән айту.** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | айтты?<br>-Екі бала шыршаны қалай безендірді?<br>-Шыршаға ілген тамақты қандай құстар жеді? Аттарын ата.<br>-Анасы нені көріп қалды?<br>-Балалардың шыршаны жейтін нәрселермен безендіргені дұрыс па?<br>**Сергіту сәті.**<br>Тербеледі шыршалар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай шыршалар,<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>(балалар қимылмен көрсетеді).<br>**Д.О.** «Аңдарды құрастыр»<br>**Шарты:** Балалар екі топқа бөлінеді. Алдын ала қиып дайындалған аң денелерін құрастыру керек. Қай топ тез құрса, соптың балалары жеңімпаз.<br>**Ән айту:** «Кішкентай шырша»<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтыру мен спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Қарлығаш»<br>**Ойын барысы:** Ойыншылардың санына сәйкес шеңберлер қойылады. Бұл – қарлығаштардың үйі. Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады.<br>**«Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!»**-деген сөзден кейін үйлеріне (шеңберге) кіреді. | **Сұрақ-жауап:**<br>-Аязата қандай мерекеде келеді?<br>-Балаларға не әкеледі?<br>-Аязатадан сыйлық алып көрдіңдер ме?<br>-Аязатадан тағы қандай сыйлық алғың келеді?<br>-Аязатаның түр-түсі, сақалы, киімі қандай болады?<br>**Суреттер бойынша әңгіме:**<br>«Жаңа жыл»<br>Сурет бойынша әңгімелеу. Жаңа жыл мерекесі жайында мазмұнды суреттерді қарастыра отырып әңгіме құрастыру.<br>**Боямақ:** «Жаңа жыл»<br>(балалар дайын суреттерді бояйды, әңгімелейді).<br>**Д.О.** «Суретті құрастыр»<br> <br><br>**4.Музыка.**<br>**Ән айту.** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айту алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Билер.** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; | **Д.О.** «Қайсысы қалай дыбыстайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Үй құстары және үй жануарларын атап, олардың дыбысын ажырата білуге баулу.<br>**Ойын барысы:** Педагог үй жануарларының суретін көрсетеді. Балалар олардың атауын атап, қалай дыбыстайтынын айтуы тиіс.<br>**Ертегі тыңдайық.**<br>**«Қысқы баспана»** (балаларды жаңа ертегімен таныстыру, мәнерлеп оқу).<br>**Сұрақ-жауап:**<br>-Орманда қандай аңдар өмір сүреді?<br>-Олар күзде не тұрғызды?<br>-Олардың үйіне нелер келді?<br>-Қасқырлар неден қорықты?<br>-Бұқа, қошқар, әтеш, мысық, шошқа қандай дос?<br>**Сергіту сәті.**<br>Озып кетсең егерде,<br>Қуана бер, қуана.<br>Бірімізді біріміз,<br>Ұстап алмай қоймайық.<br>Кел, қошақан екеуміз,<br>Қуаласпақ ойнайық.<br>(балалар қимылмен көрсетеді).<br>**Мақал жаттау.**<br>Береке түбі-бірлікте.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>-Үй жануарларына қандай көмек көрсету керек?<br>-Үй жануарларының қандай пайдасы бар?<br>-Үй жануарларының азығы не?<br>-Үй жануарларына баспананы кім жасайды?<br>**Ән айту:** «Қошақан»<br>(балалар үнтаспадан тыңдап, бірге айтады).<br>**Д.О.** «Ненің дыбысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Үй жануарлары мен, үй құстарының дыбысын ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға үнтаспадан үй жануарлары мен үй | бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айту алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Билер.** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Музыка тыңдау:** «Жаңа жыл» Қ.Шілдебаев.<br>**Ән айту:** «Аязата» Ө.Байділдаев.<br>-Аязата қандай мерекеде келеді?<br>-Балаларға не әкеледі?<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:**<br>«Қыс қызығы», «Аязата» әнінің музыкасына сәйкес қандай би билеуге болады? Келіңдер билеп көрейік.<br>**«Ұлпалақтар биі»**<br>Қимыл жасамас бұрын ұлпалақтар қандай болатынын суреттеу. Жеңіл, аппақ, үлпілдек. Қимыл жасау кезінде өте жеңіл, аяқтың ұшымен, әсем жасауға дағдыландыру.<br>**1.**Балалар қолдарына жылтырақ таяқшалар ұстайды.<br>**2.**Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, шеңбер бойымен ортаға жиналып, кері қайтып тұрған орындарына айналады. Ортаға жиналғанда қолды жоғары көтеріп, кейін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Музыка тыңдау:** «Жаңа жыл» Қ.Шілдебаев.<br>**Ән айту:** «Аязата» Ө.Байділдаев.<br>-Аязата қандай мерекеде келеді?<br>-Балаларға не әкеледі?<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Қыс қызығы», «Аязата» әнінің музыкасына сәйкес қандай би билеуге болады? Келіңдер билеп көрейік.<br>**«Ұлпалақтар биі»**<br>Қимыл жасамас бұрын ұлпалақтар қандай болатынын суреттеу. Жеңіл, аппақ, үлпілдек. Қимыл жасау кезінде өте жеңіл, аяқтың ұшымен, әсем жасауға дағдыландыру.<br>**1.**Балалар қолдарына жылтырақ таяқшалар ұстайды.<br>**2.**Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, шеңбер бойымен ортаға жиналып, кері қайтып тұрған орындарына айналады. Ортаға жиналғанда қолды жоғары көтеріп, кейін қайтқанда қолды түсіреді. Айналғанда қолды екі жаққа жаяды.<br>**Қортынды:**<br>-Қандай музыка тыңдадыңдар?<br>-Қандай ән айттық?<br>-Ән сендерге ұнады ма? | құстарының дыбысын тыңдатады. Балалар ненің дыбысы екенін тыңдап айтып береді.<br><br>**4.Шебер қолдар.**<br>**Тақырыбы:** Аққала.<br>**Сабақтың мазмұны:** Ермексаздан аңның мүсінін мүсіндеу. Кескішпен жұмыс жасату.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Бұлаңдаған құйрығы,<br>Бір алдарлық құлығы.<br>(түлкі).<br>Өзі шырақ, өзі қу,<br>Жүрген жері айғай-шу.<br>(түлкі).<br>-Түлкі қандай аң?<br>-Түлкі қайда мекендейді?<br>-Түлкінің құйрығы қандай?<br>**Ертегі тыңдайық.**<br>**«Түлкі мен қарға»** (балаларды жаңа ертегімен таныстыру, мәнерлеп оқып беру).<br>**Бірге жаттайық.**<br>Түлкі, түлкі құтыңдайсың,<br>Айналаңнан тың тыңдайсың.<br>Қанша құлығыңды асырсаң да,<br>Аңшыдан сен құтылмайсың.<br>**Ермексаз әлемі.**<br>**«Түлкі»** (балалар ермексаздан түлкіні мүсіндейді).<br>**Сергіту сәті.**<br>Біз орманға барайық,<br>Жан-жағымызға қарайық:<br>Аю келді қорбаңдап,<br>Қасқыр келді ырылдап.<br>Түлкі шықты майысып,<br>Қоян шықты секіріп.<br>Қорықпаңдар балалар,<br>Қарап-қарап алыңдар.<br>(балалар қимылмен көрсетеді).<br>**Д.О.** «Бұл қай аң?»<br>**Ойынның мақсаты:** Аңдарды атап, оларды ажырата білуге үйрету. Аңдар туралы білімдерін толықтыру. | қайтқанда қолды түсіреді. Айналғанда қолды екі жаққа жаяды.<br>**Қортынды:**<br>-Қандай музыка тыңдадыңдар?<br>-Қандай ән айттық?<br>-Ән сендерге ұнады ма? |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | **Ойын барысы:** Балаларға аңдардың суреттері көрсетіледі. Олардың қайда өмір сүретіні сұралады. Немен қоректенетінін айтады.<br>**Д.О.** «Аңдарды салыстыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Жабайы аңдардың дене мүшелерін салыстыра отырып үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі аңдарды атап, олардың дене мүшелерін салыстырады.<br>**Д.О.** «Қандай жануар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Сурет бойынша сөз, сөйлемдер құрастыруға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала хатқалтадан бір жануардың суретін алады. Сол жануар туралы әңгімелейді, қимылын көрсетеді.<br>**Қимылды ойын:** «Ормандағы жануарлар»<br>**Ойын барысы:** Балалар бірге айтады, аңдардың қимылын жасайды.<br>.Біз орманға барамыз,<br>Онда аюды көреміз.<br>Желкемізде қолымыз,<br>Теңселе басып жүреміз.<br>.Алдымызда талдардан,<br>Жылтыңдаған қу түлкі.<br>Біз түлкіні алдаймыз,<br>Жүгіріп басып қалмаймыз.<br>.Қояндарды көреміз,<br>Қоянға ұқсап жүреміз.<br>Қолымызды алға ұстап,<br>Секіре басып келеміз.<br>(балалар қимылмен көрсетеді).<br><br>**5.Дене шынықтыру.**<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау. | |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | |
| **Серуендеу** | №14. Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайын бақылау. | №2 Қар басуын бақылау. | №17 Қардағы іздерді бақылай білу. | №18 Аула тазалаушының еңбегін бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс.** | Амангелді Дәулеткелді<br>**1.Математика негіздері.**<br>Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>Бердишов Абдурахман.<br>**1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Қолға қалам аламыз,**<br>**Әдемі етіп жазамыз.**<br>(қолын жазуға жаттықтыру). қолды жазуға дайындауға, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға баулу. | Қарағұл Рахат<br>**1.Сурет салу.**<br>«Шыршаны безендір» | Қасқырбай Аида<br>Жаңа жыл мерекесіне арналған тақпақтарды бірге жаттау. | Қарағұл Рахат<br>**1.Сурет салу.**<br>Боямақ. «Жаңа жыл», «Аязата мен Ақшақар»<br>(дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу). |